

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силабус		044-73/11-21 16 беттің 1 беті

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы АҚ жаңындағы медицина колледжі

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖББП 01

Пәні: Қазақ тілі

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 96/4

Теория: 96 с.

Курс: 1

Семестр: 1

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2024 ж.

ONÝTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-21
Силлабус	16 беттің 2 беті

«Қазақ тілі» пәні бойынша силлабус жұмыс оку бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушылар: Ү.Ш.Ахбанбетова, А.А. Исабекова

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27 » 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі: А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28 » 08 2024 ж.

Төрайымы: Г.Т.Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы

медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «29 » 08 2024 ж.

Төрайымы: Г.С.Рахманова

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-21
Силлабус	16 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәлімет

№	Аты -жөні	Дәрежесі және лауазымы	Кызметі	Жүргізетін пәні	Эл. м/ж.
1	Исабекова Асия Амангелдіқызы	Педагогика ғылымының магистрі	Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	asem.0.1 @mail.ru
2	Ахбанбетова Урзада Ширинбекқызы	Педагогика ғылымының магистрі	Аға оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	urzada @mail.ru
3	Сарымсақова Жанар Сапарбекқызы		Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	janar – saparbek @mail.ru

3.1. Кіріспе

«Қазақ тілі» пәнінің жаңа білім мазмұнында тілдің pragmatikaлық қызметі қоғамдық-стилистикалық ерекшеліктерінен шығарып, публицистикалық, ғылыми, ауызекі сөйлеу және көркем шығармадағы лексика-семантикалық сипатты салыстыра анықтайды, мәтіннің тілдік-құрылымдық жүйесін ғылыми-теориялық түрғыдан негіздейді. XXI ғасыр үдерісіндегі жаңа қоғамдағы тілдің коммуникативтік қызметін, БАҚ құралдарының тілін, ресми тілдің стильтік ерекшеліктерін, функционалдық стильтердегі өзгерістерді, тілді қолданушының тілдік-стильдік белсенділігін бейіндік бағытта оқып жүрген оқушы өз танымы мен қолданысы арқылы саралайды.

3.2. Пәннің саясаты:

- сабактан себепсіз қалмау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсыру;
- сабакқа қажетті оқу-әдістемелік кешенниң электрондық нұсқасын алу;
- сабакқа медициналық терминдер сөздігімен келу;
- белгіленген сөздік минимумды өз мерзімінде жаттап алу;
- сабак үстінде басқа іспен шұғылданбау;
- сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
- сырт көрінісі мен киім үлгісіне тиянақты болу;
- кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.

Білім алушы сабактан қалған және өтем қағазы арқылы өтемеген, сабак үлгерімінің 50%-ын жина маған жағдайда емтиханға жіберілмейді.

3.3. Пәннің мақсаты:

Ұлттық және әлемдік құндылықтарды салыстыра түйін жасай алатын, Қазақстан Республикасы халықтары мен қоғамдықтастыры мәдениетін игерген, қоғамда қолдануын талап етелең тілдердің қоммуникативтік құзіреттіліктерін игерген Тұлғаның даралануы мен әлеуметтенеүіне мүмкіндік жасайтын тілдің лексика- фразеологиялық, грамматика стилистикалық, мәдени- этикалық және шешендік нормаларын менгерту, жоғары денгейде құрделендірілген түрлі жанрдағы мәтінді салыстыру, талдау, ой қорыту әрекеттерін жетілдіру, мәтін түрлеріне сай тілдік бірліктерді қолдана алу біліктілігін арттыру.

3.4. Оқыту міндеттері:

- рухани жанғырудың жалпы ұлттық идеясы шеңберінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған жалпы білім беру пәні;

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус	044-73/11-21 16 беттің 4 беті

- болашақ маманның ұлттық сана мен мәдени код негізіндегі танымын қалыптастыра отырып, әлемдік деңгейдегі білімді менгеруде тілдің дәнекер болып табылатынына көз жеткізу, еліміздің дамуы жолында еңбек ететін маманның мемлекеттік тілді жетік менгеріп, ұлттық жаңғыруды қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлауда қазақ тілінің қолданыс аясын көңеңті.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

Білімі мен түсінігі: Оқыту нәтижесінде білім алушы пән мақсатын және міндеттерін біле алатындығын көрсете алады. Болашақ маман кәсіби тілді өз кәсібінің шенберінде науқаспен қарым-қатынас жасай алады және оған кеңес беріп, пікір білдіре алады. Жүртшылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін, кәсіпке қатысты лексика мен терминологияны менгереді.

Білімі мен түсінігін қолдана білу: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсібіне қатысты терминдермен қатар, ауру атауларының қазақша баламаларын, ауру белгілерінің қазақ тілінде қолдана алады. Сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс айтуда, дастанқан басында сөйлеу әдептілігі) өнер, мәдениет, әдебиет туралы айта білу, жиын, жиналыста сөйлей білу, ҚР халықаралық қарым-қатынасы туралы айтудағы ұлттық тіл ерекшеліктерін, өз мамандығына байланысты қазақша сөз тіркестерін қолдана алады.

Ой-пікірді қалыптастыру: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсіби сала бойынша мамандығы, сала мамандарының өмірбаяны туралы тұжырым жасай алады. Қазақтың тұңғыш ғылым, жазушылар туралы ақпаратты жинап, олардың еңбектерінен тұжырым жасай алады.

Оқыту дағылары немесе оқуға қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы ақпаратты жинақтап, оны керекті бағытта жан-жақты талқылай алады. Шығармашылық мәтіндерді менгеруде қазақ тілінің әдіс тәсілдерін қолдануды, дамуына немесе тез тарауына әсер етуші факторларды зерттей келе, өз пікірін білдіреді.

Коммуникативтік қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы қарастырылатын салада өз бетінше алынған білімдерін, өз пікірлерін жеткізе алады, ақпаратты талдау және тұжырымдай алу қабілеттерін көпшілік алдында көрсете алады.

3.6. Реквизитке дейінгі: мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі

3.7. Реквизиттен кейінгі: мамандығына қатысты салалық пәндер

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны

Қазақ тілі пәнін оку барысында білім алушылар әр түрлі қоғамдық мәселелерге байланысты өз көзқарастарын қалыптастырып, жауапкершіліктерін арттырады. Қазақ тілінің лексикалық қоры мен құрамын, жүйесін т.б. біледі.

3.9. Пәннің тақырыптық жоспары

№	Сабактың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Сөз мәдениеті. Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі.	Сөз мәдениеті (Тіл- рухани қазына. Сөз мәдениеті. Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі. Сөз –адам болмысының, өмірлік әрекетінің негізгі құралы. Сөз мәдениеті пәніне қатысты ұғымдар)	3
2	Тіл- тарихи құндылық. Этномәдени лексика	Тіл –тарихи құндылық. (Тіл этностың рухани мәдениетін жасаудың, дүниені тануының, өзін-өзі сақтауының құралы. Тілдегі эстетикалық, логикалық таным іздері. Лингвоэкология ұғымының пайда болуының шарттары.	2



3	Қазақ тілі –түпкі түрін сактаған байырғы тіл. Тіл ұлттық қауіпсіздіктің кепілі.	Қазақ тілі –түпкі түрін сактаған байырғы тіл (Қазақ тілі түркі тілдер семьясының батыс ғұн бұтағына, оның ішінде қыпшақ тобына енетіні. Түркітану ғылымында түркі тілдерінің дамуын (Н.Басқаков) алты кезеңге бөліп қарастыру. Жазба мұралардағы әріп таңбаларының қолданылуы)	3
4	Ескі қазақ жазба тілі. Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы.	Ескі қазақ жазба тілі. (Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуы. Араб әліпбі негізіндегі ескі жазба тіл. Қазақ хандығынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі аралықтағы ескі жазба тілдің қолданылуы. Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы. Жазба тілінің үш элементі. Ескі жазба тілдің әлеуметтік мәні).	2
5	Төте жазу. Тұнғыш қазақ әліпбі. Қазақ тілі- қазақ халқының ұлттық тілі. «Елбасының Тәуелсіздік толғауы».	Төте жазу. Тұнғыш қазақ әліпбі.(Жазусызуды демократияландырудың А.Байтұрсынұлының реформасы. Жаңа жазу- халықтық тілді қолданудың жүйесі. Тілдің заңдастырылған жазу нормалары. Төте жазудың халықтық әлемдік деңгейде бағалануы. Төте жазудың кенестік кезеңдегі тағдыры. Қазақ тілінде пайдаланылған алфавиттер)	3
6	Қазақ тілі- кемелденген тіл. Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштері.	Қазақ тілі- кемелденген тіл. Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштері. (Тіл кемелденген тән объективтік белгілердің қазақ тілінің құрылымдық жүйесінен табылуы. Сөз байлығы- тіл дамуының басты белгісі. Шешендік (бейтарап, кітаби, сөйлеу тілі) жүйе – кемелденген тілдің белгісі. Тілдің дамуындағы қазақ этносының қалыптасу тарихының рөлі.	2
7	Сөйлеу тілі туралы түсінік. Қазақ әдеби тілінің белгілері.	Сөйлеу тілі туралы түсінік. Қазақ әдеби тілінің белгілері. (Әдеби тілдің стильдік тармақтары. Кітаби тілдің ерекшеліктері, ауызша және жазбаша түрлері. Кітаби тіл мен сөйлеу тілінің ортақ белгілері);	3
8	Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері. Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.	Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері. Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері. (Сөйлеу тілінің қолданылатын орындары. Сөйлеу тілінің мақсаты. Сөйлеу тілінің фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктері, синтаксистік ерекшеліктері).	2
9	Кітаби тіл және оның айырым	Кітаби тіл және оның айырым белгілері.	3

	белгілері (фонетикалық, морфологиялық ерекшелігі) .	(Кітаби тілдің өзіндік белгілері. Кітаби тілдің стильдік тармақтары).	
10	Монолог және оның түрлері. Сипаттау, баяндау, пайымдау. Олардағы кітаби тілдің қолданылу сипаты.	Монологтың түрлері: сипаттау, баяндау, пайымдау, олардағы кітаби тілдің қолданылу сипаты.	2
11	Кітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары. Орфографиялық және орфоэпиялық нормалар.	Кітаби тілдің жазбаша ауызша нормалары. Орфографиялық нормалар. Орфоэпиялық нормалар. (Морфологиялық қағидат. Орфоэпиялық нормалар: сөз ұнdestігі, сөз екпіні, интонациялық құрылымдар. Орфоэпиялық нормалардың орнығуының алғы шарттары).	3
12	Тілдік жүйе және норма. Тілдік норма -әдеби тілдің ең маңызды элементі.	Тілдік жүйе және норма. Тілдік норма -әдеби тілдің ең маңызды элементі. (Тілдік норманың анықтамасы. Әдеби тілдің «зандастырылған» нормасы.	2
13	Тілдік норма және дағды. Тілдік жүйе мен тілдік дағдының өзара үйлесімі мен қайшылықтары.	Тілдік норма және дағды. Тілдік жүйе мен тілдік дағдының өзара үйлесімі мен қайшылықтары. (Тілдік жүйе мен тілдік дағдының тілдік нормаға айналуы, қатаң норманың тіл жүйесімен бұлжымас бірлігі.	3
14	Тілдік норма және жаңа қолданыстар. Әдеби тіл нормасының өзіндік ерекшеліктері.	Тілдік норма және жаңа қолданыстар. (Әдеби тіл нормасының өзіндік ерекшеліктері. Тілде жаңа қолданыстардың туу үрдісі, олардың қоғамда қабылдануы. Жарыспалы сөздерді сарапап қолдану шарттарының сөз мәдениеті мен байланысы);	2
15	Сөз сапасы дұрыстыры, дәлдігі туралы түсінік.	Сөз сапасы туралы түсінік. Сөз сапасының тілдік шарттары. (Сейлеуші мен тыңдаушының арасындағы тілдік қарым-қатынасқа әсер ететін әлеуметтік факторлар. Сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттар. Әдеби тіл нормасын сақтау, сөздерді талғап, сарапап, «таза» қолдану. Сөз сапасына кері әсер ететін қолданыстар);	3
16	Тілдік норма және стиль.	Тілдік норма және стиль. (Вариант сөздердің тіл нормасымен қатысы. Жарыспалы қолданыстардың стильдік реңктері. Терминдер мен терминдік ыңғайдағы сөздердің экспрессиялық баламалары, олардың тілдегі рөлі).	2
17	Сөздің, грамматикалық	Сөздің, грамматикалық тұлғалардың,	3

	тұлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуы.	сөйлемнің орынды жұмсалуы. (Сөз дұрыстығы, ұғымы. Сөздің рөлі. Ұғымды, заттарды, күбылыстарды бейнелеп айту тәсілдері);	
18	Сөз байлығы. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер	Сөз байлығы ұғымына енетін лексика- фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер. Сөз байлығының стиль түрлерімен байланысы. Лексикологиялық сөздіктер арқылы сөз байлығын болжау мүмкіндігі).	1
	№1 Аралық бақылау	1-18 тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындау. Бақылау жұмысы жазбаша түрде алынады.	1
19	Сөз тазалығы. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы	Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы. Сөз оралымдығының бір шарты- сөз байлығы. Сөз қайталаудың сөз сапасына көрі әсері.	3
20	Сөз қысқалығы мен нұсқалығы. Сөйлемнің есім баяндауышқа аяқталуы – сөз жинақылығының белгісі.	Сөз қысқалығы мен нұсқалығы (Сөйлемнің есім баяндауышқа аяқталуы- сөз жинақылығының белгісі. Аз сөзге көп мағына сыйдыру-шеберлік. Сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік. Сөздің қысқалығы мен нұсқалығына қойылатын талаптар; сөз тазалығы, тіл мәдениетінің маңызды сапасы- тіл тазалығы. Тілдердегі сөз алмасу құбылысы. Сөз тазалығына жат элементтер. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы. Тілдегі бейәдеби элементтер, олардың көркем әдебиетте қолданылуы. «Қыстырынды сөздердің» тілдік қарым-қатынасқа әсері)	2
21	Сөз бедері және стиль. Көркем сөз бедері.	Сөз бедері және стиль. Көркем сөз бедері. (Сөз бедері туралы түсінік. Бедерлі сөздегі деректі, дерексіз ұғымдардың қолданылуы. Сөз бедерінің стиль түрлерімен байланысы, сөйлеу тілінің стильдік бедері, сөйлеу тілі бедерінің анықтамасы. Сөйлеу тілінің ерекшелігі және ондағы сөз бедерінің көрінісі. Өмірдегі және көркем әдебиеттегі сөйлеу тілі).	3
22	Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедері. Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар тілінің ерекшелігі.(Күнделікті қолданыстағы сөздердің қоғамдық пікір қалыптастырудың құралына айналу жолдары. Жағымды және жағымсыз мағынадағы сөздер);	Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедері. Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар тілінің ерекшелігі.(Күнделікті қолданыстағы сөздердің қоғамдық пікір қалыптастырудың құралына айналу жолдары. Жағымды және жағымсыз мағынадағы сөздер);	2



23	Ресми іс қағаздары тілінің сөз бедері. Іс қағаздарындағы дайын сөз ұлгілері мен тілдік стандарттар.	Ресми іс қағаздары тілінің сөз бедері. Іс қағаздарындағы дайын сөз ұлгілері мен тілдік стандарттар.(Күнделікті қолданыстағы сөздердің ресми іс қағаздар курадына айналу жолдары. Ұфым турлері).	3
24	Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері. Ғылыми әдебиеттегі атаулардың ерекшелігі.	Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері. Ғылыми әдебиеттегі атаулардың ерекшелігі.(Тұрмыстық және ғылыми ұфымдар. Стильдік контраст. Бөгде стильдік элементтер. Сөз әсерлігінің сөзге, мәтінге, таруға, бөлімге тұтас шығармаға қатысы)	2
25	Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік.	Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік (Қоғамдағы әдет-ғұрып, қарым-қатынас дәстүрі. Тіл-сезім білдірудің құралы. Сөйлеу этикеті ұфымы. Сөз мағыналарының құбылуы. Сыпайылықты білдіретін сөз орамдары, қаратпа сөздер. Сөйлеушілердің әлеуметтік белгілері. Сөздің ортага байланысты қолданылу жағдаяты мен мәні.);	3
26	Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі.	Әлеуметтік –тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі (Әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөз түрлері. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастың тілдік сипаты, тілдік құралдары. Әлеуметтік –тұрмыстық қатынасқа тән сөз әдебі).	2
27	Амандасу, қоштасу, құттықтау, көніл айту, тілек айту, бата беру.	Сәлемдесудің мақсаты. Сәлемдесу сөздерін талғап жұмсаудың талаптары. Амандасуға жататын сөздердегі мағыналық, стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Амандасу этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Қоштасудың мақсаты. Қоштасу сөздерін талғап жұмсаудың талаптары. Қоштасуға жататын сөздердегі мағыналық, стильдік ерекшеліктері мен әлеуметтік сипат. Тілек айтудың мақсаты. Экспрессивті сөздерді талғап жұмсаудың талаптары.	3
28	Сөйлеу этикеті ұфымы.	Сөйлеу тілі туралы түсінік. Қазақ әдеби тілінің белгілері.(Әдеби тілдің стильдік тармақтары.	2
29	Қаратпа сөз әдебі. Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты.	Қаратпа сөз әдебі. Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты.(Қаратпа сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Қаратпа сөздердегі мағыналық стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат. Қаратпа сөзді жұмсау этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап	3



		қоданудың сөз мәдениетіне қатысы);	
30	Ресми-іскерлік қатынас және сөз әдебі. Ресми қатынасқа тән сипаттар.	Ресми іскерлік қатынас және сөз әдебі. Ресми қатынасқа тән сипаттар. Ресми-іскерлік қатынас тілінің жазбаша және ауызша түрі. (Ресми қарым-қатынастың анықтамасы. Ресми іскерлік қатынастың жазбаша үлгілері).	2
31	Ресми іскерлік тілінің жазбаша және ауызша түрі.	Ресми –іскерлік қатынастың ауызша түрлері. Ресми ауызша сөздің биік шыңышешендік сөз. Іскерлік қарым-қатынастың алғышарттары).	3
32	Шешендік өнердің тарихы. Қазақ шешендіктану ғылымы, қалыптасуы мен дамуы.	Шешендік өнердің тарихы. (Шешендік өнер, ғылым ретінде дамуының бастаулары. Шешендік- жалпы адамзаттық құндылық). Қазақ шешендіктану ғылымы қалыптасуы мен дамуы.	2
33	Шешендік сөз. Дәстүр мен жаңашылдық. Шешендік сөзге қойылатын талаптар.	Шешендік сөз дәстүр мен жаңашылдық. Шешендік сөзге қойылатын талаптар.(Шешендік –сөз мәдениетінің жоғары формасы. Шешендіктану мен шешендік сөз.	3
34	Шешендік сөздердің сапалары. Шешендік – жалпы адамзаттық құндылық.	Шешендік сөздің сапалы шығуы, сапалары туралы мәлімет. Шешендік – жалпы адамзаттық құндылық.	2
35	Абай Құнанбаев, Ш. Уәлихановтың қазақ шешендігі туралы ой тұжырымдары. М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің шешендікті арнайы қарастырған ғылыми еңбектері.	Қазақтың төл шешендігі туралы тұнғыш ғылыми пікір айтқан ғалымдар туралы. Абайдың қазақ шешендігі жаңаңыл қағидалары, Ш.Құдайбердіұлының, Ә.Бекейхановтың би мен билік туралы ойлары. М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің шешендікті арнайы қарастырған ғылыми еңбектері.	3
36	Пікірталасының қоғамдағы орны, маңызы, қажеттілігі. Пікірталаста жиі қолданылатын тәсілдер.	Пікірталас мәдениетін меңгерту- жаңа заман талабы. Пікірталастың қоғамдағы орны, маңызы, қажеттілігі. (Демократиялық қоғам-пікірталасының өрістеуінің басты кепілі. Пікірталаста қажетті іскерліктер. Пікірталастың сипатын анықтайтын факторлар).	2
37	Пікірталас түрлері. пікір алмасу, сөзталас. Әңгіме және «Дөңгелек үстел», ойталқы, ойқөкпар, сөзталас, пікірсайыс, айтыс (Диалогті, полилогті пікірталастар.	Пікірталас түрлері. Әңгіме мен «Дөңгелек үстел», пікір алмасу, ойталқы, ойқөкпар, сөзталас, пікірсайыс, айтыс (Диалогті, полилогті пікірталастар.	3
38	Пікірталас мәдениетінің талаптары.	Пікірталастарға тән ортақ белгілер мен ерекшеленеді. Пікірталасына тән әдістәсілдер: «қақпан құру», сынау, әзіл, мысқыл, қарсыластың ойын жоққа шығару,	2

ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11-21
Силлабус	16 беттің 10 беті

	«сұрақпен төпелеу». Олардың ұтымды қолданудағы тапқырлық.	
№2 Аралық бақылау	18-37 тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындау. Бақылау жұмысы жазбаша түрде алынады.	1
Пәннің жалпы сағат саны		96

3.10. Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының 1 -курсына арналған: (Жалғастыруши топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет
- Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Ақанова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ., Сүлейменова Э.Д. Ресми-іскери қазақ тілі. Оқулық кешені. Бірінші деңгей. Екінші деңгей. Үшінші деңгей. –Алматы, «Арман -ПВ», 2002ж.
- Бизақов С. Синонимдер сөздігі – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 640 б.
- Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 б.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
- Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.

3.11. Пәнді оқытудың түрлері/әдістері/технологиялары:

Теориялық сабактар – ақпараттық, дәріс-презентация, блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, жүптасып жұмыс жасау, топтасып жұмыс жасау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, бағыт беру, эссе жазу, мәтін құрастыру, презентация, кеспе қағаздарымен жұмыс, пікір талас.

3.12. Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: тестілеу сұрақ жауап 9 және 19 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау; «Прокторинг» платформасының қолданылуымен Платонус ААЖ-де тестілеу, ауызша емтихан .

-Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Емтихан ауызша алынады. Ауызша алынған немесе тест жүйесі бойынша алынған емтихан бағасын пән оқытушысы Платонус ААЖ-ға қояды.

Қорытынды бақылау: емтихан ауызша

Емтихан ауызша тапсырылады. Емтиханға пәннің бағдарламасын толық меңгерген және үлгерім рейтингісін алған білім алушылар ғана жіберіледі. Үлгерім рейтингтік бағасы мен емтиханның нәтижелерінің қосындысынан шығатын әр пән бойынша қорытынды баға анықталады, бұл жердегі 60% -жіберілу рейтингтік бағасы, 40% - емтихан нәтижесі болып табылады.

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	
C+	2,33	70-74%	
C	2,00	65-69%	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	
F	0,00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОИ №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанагаттанар лықсыз	Қанагатта нарлық	Жақсы	Оте жақсы
БК1. 1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзак мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын менгерген.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде колдана алмайды; 2) тілді менгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда колдана алмайды; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде колдануды біледі; 2) тілді менгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда колдануды біледі; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік	1) Орфография-лық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде сауатты қолдана алады; 2) тілді менгерудің базалық деңгейіне арналған лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік қатынастарда қолдана алады; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік	



		<p>тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерін ескермей, осы денгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алмайды.</p>	<p>грамматика лық формаларды ,</p> <p>лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшелікте рді ескермей, осы денгейге сәйкес сұхбатқа жартылай қатысады.</p>	<p>стильдік ерекшеліктерді ескере бермей, бірақ осы денгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.</p>	<p>ерекшеліктерді сақтай отырып, осы денгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.</p>
BҚ1. 2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және окигалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	<p>1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алмайды;</p> <p>2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайды, оларды лексика- грамматикалық және</p> <p>3) Сұхбаттасуышы- лардың іс- әрекеттеріне баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алмайды, оны дәлелдей алмайды.</p>	<p>1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады;</p> <p>2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады лексика- грамматикалық асырады</p> <p>3) Сұхбаттасуышы- лардың іс- әрекеттерін жалғызда алады;</p>	<p>1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады;</p> <p>2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады лексика- грамматикалық және прагмати- калық түрғыда түсіндіре алады;</p> <p>3) Сұхбаттасуышы- лардың іс- әрекеттерін өздігінен бағалай алады, өз көзқарасын айта алады.</p>	<p>1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқыладай алады;</p> <p>2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алады, оларды этикалық, лексика- грамматикалық және прагматикалық түрғыда жеткізе алады;</p> <p>3) Сұхбаттасуышы- лардың іс- әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады.</p>

			дәлелдей алмайды.		
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникатив тік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оку экспериментін жүргізгені үшін қойылады	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алмайды; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен алмай, әңгімелескен адамды дәлелсіз сендіре алмайды. 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды түсінеді.	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай біледі; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен түсіндіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды түсінеді.	1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 2) Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдауды жасай алмайды.	
БҚ 3.1					

Аралық бақылауды ауызша бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде сұрақтар бойынша тапсырманы еркін менгеріп, өз ойларын анық, жеткізе алса қойылады. Оқылатын пән бойынша жауапты нақты деректермен дербес баяндап, дәлелдермен дербес талдап жасап және оларға сынни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Әр сұрақтар бойынша дұрыс жауаптардың баллдық жүйесі 86-100% береді.

	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде өз жауаптарын жинақтап, талдап жинақтай білсе, талаптарға сәйкес баяндалса, алған білімін колданас алса, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде негізгі ұғымдарды біліп, жауап беру кезінде пайдалана алмаса, принципиальды қателер жібергенде, материалды жүйелеуде үлken қыындықтарға кездесken жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде материалдың негізгі мазмұнын игере алмаса, қорытынды мен жинақтап айта алмаса, принципиальды қателіктер жіберсе, өрекел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.

Емтихан нәтижелерін ауызша бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сынни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін колданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде өрекел қателіктер жібермесе, принципиальды емес немесе білім алушылардың өздері түзеген принципиальды қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес және принципиальды қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлken қыындықтарға кездесken жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%) бағаларына сәйкес келеді	Егер білім алушы жауап беру кезінде принципиальды қателіктер жіберсе, сабак тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус	044-73/11-21 16 беттің 15 беті
--	-----------------------------------

		жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .
--	--	--

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>1979 SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус</p>	044-73/11-21	16 беттің 16 беті